

**Армения Республикасының Білім, ғылым, мәдениет және спорт
министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт
министрлігі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық
туралы 2023-2025 жылдарға арналған
БАҒДАРЛАМА**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Армения Республикасының Білім, ғылым, мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі,

2006 жылғы 6 қарашадағы Армения Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін негізге ала отырып,

өзара құрметтеу мен тең құқықтылық қағидаттары негізінде мәдениет саласындағы ынтымақтастықты жетілдіре және кеңейте отырып,
төмендегілер туралы келісті:

I

Тараптар мәдениет пен өнер саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылады.

II

Тараптар музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы концерттік ұйымдар мен шығармашылық одақтар арасындағы ынтымақтастықты орнатуға және дамытуға, сондай-ақ орындаушылармен, музыкалық және хореографиялық ұжымдармен алмасуға және Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өткізілетін халықаралық конкурстар мен фестивальдерге өзара қатысуға жәрдемдесетін болады.

III

Тараптар театр ұжымдарының гастрольдері мен қойылымдарын өткізуге, сондай-ақ өзара негізде театр фестивальдеріне қатысуға ұйымдастырушылық көмек көрсете отырып, екі мемлекеттің театрлары арасында тікелей байланыстар орнатуға жәрдемдеседі.

IV

Тараптар музей ісі саласындағы сарапшылармен, анықтамалық материалдармен алмасу, сондай-ақ музей ісі саласындағы ғылыми конференциялар мен семинарлар туралы ақпаратпен алмасу арқылы Армения Республикасы мен Қазақстан Республикасының мұражайлары мен галереялары арасында ынтымақтастық орнатуға жәрдемдеседі.

Тараптар қазіргі заман өнері көрмелерін қоса алғанда, музей көрмелерін ұйымдастыру мүмкіндігін қарастырады.

V

Тараптар екі мемлекеттің кітапханалары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, кітапхана ісі саласындағы конференцияларға сарапшылардың өзара қатысуына, кітап көрмелерін ұйымдастыруға, сондай-ақ әдістемелік материалдармен алмасуға жәрдемдеседі.

VI

Тараптар екі мемлекеттің кинематографиялық ұйымдары арасындағы ынтымақтастық және кинокөрсетілімдермен алмасуларды өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылады.

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өткізілетін жыл сайынғы халықаралық кинофестивальдерге өзара қатысуға жәрдемдеседі.

VII

Тараптар мәдениет және өнер саласындағы білім беру саласында ынтымақтасады, сондай-ақ Тараптардың тиісті мекемелері арасында тікелей байланыстар орнатуға жәрдемдеседі, студенттердің Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өткізілетін халықаралық конкурстар мен фестивальдерге қатысуын көтермелейді.

VIII

Тараптар тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және қалпына келтіру саласындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі.

IX

Тараптар халық шығармашылығы саласында ынтымақтасады және осы саладағы сарапшылармен алмасуға жәрдемдеседі, сондай-ақ екі мемлекетте өткізілетін халықаралық фольклорлық фестивальдер туралы бір-бірін хабардар етеді және өз өкілдерінің осы іс-шараларға қатысуына ықпал етеді.

X

Осы Бағдарлама шеңберінде жоспарланған іс-шараларды іске асыру шарттары (қаржылық мәселелерді қоса алғанда) екі мемлекеттің тікелей мүдделі ұйымдары арасында тепе-тең негізде екіжақты консультациялар арқылы айқындалады.

XI

Осы Бағдарламаның ережелері Тараптардың ұлттық заңнамасына және мемлекеттерінің қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес қолданылады.

XII

Осы Бағдарлама 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының мәні бойынша халықаралық шарт

болып табылмайды және Тараптар мен олардың мемлекеттері үшін халықаралық құқықпен реттелетін құқықтар мен міндеттемелерді тудырмайды.

XIII

Осы Бағдарлама қол қойылған күнінен бастап қолданылады.

2023 жылғы «28» сәуірде Ереван қаласында әрқайсысы армян, қазақ және орыс тілдерінде екі данада қол қойылды.

**Армения Республикасының
Білім, ғылым, мәдениет және
спорт министрлігі үшін**



**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт
министрлігі үшін**

